

Алтай ауданы Жаңа Бұқтырма кентіндегі көшелерін қайта атау туралы

Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы Жаңа Бұқтырма кенті әкімінің 2020 жылғы 29 сәуірдегі № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 18 мамырда № 7093 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабының 2 -тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, Шығыс Қазақстан облыстық ономастикалық комиссиясының 2019 жылғы 11 желтоқсандағы қорытындысына сәйкес және Жаңа Бұқтырма кенті тұрғындарының пікірін ескере отырып, Жаңа Бұқтырма кентінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Алтай ауданы Жаңа Бұқтырма кентінің мынадай көшелерінің атаулары қайта аталсын:

- 1) Коммунистическая көшесі Абай көшесіне;
- 2) 50 лет Октября көшесі Анатолий Косой көшесіне;
- 3) Советская көшесі Ертіс көшесіне;
- 4) Комсомольская көшесі Самал көшесіне;
- 5) Совхозная көшесі Мерей көшесіне;
- 6) Киров көшесі Нұрлы көшесіне .

2. "Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы Жаңа Бұқтырма кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде осы шешімнің мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы шешім ресми жарияланғаннан кейін Алтай ауданы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

М. Карибаев